

## "Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 28 ақпандағы № 218 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31976 болып тіркелді.

### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

### **Осы бұйрық 03.03.2023 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 1) тармақшасына, 16-бабының 4-тармағына және 19-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

**Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 1) Мыналар:

- 1) "Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;
- 2) борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш нысаны осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;
- 3) соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тарту туралы хабарлама нысаны осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;
- 4) соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім нысаны 4-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2023 жылдың 3 наурызынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Қаржы министрінің  
2023 жылғы 28 ақпандағы  
№ 218 бұйрығына  
1-қосымша

**"Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары**

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 29.08.2024 № 595 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5, 16, 17, 18 және 19-бабын іске асыру үшін әзірленді және "Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаға – Қазақстан Республикасының азаматына (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы, борышкер) жеке тұлғаларға банктік қарыз шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалдар, банк

операцияларының жекелеген түрлерін, микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар (ломбардтарды қоспағанда) немесе коллекторлық агенттіктер алдындағы міндеттемелерін тоқтату мақсатында көрсетіледі.

Осы тармақта көрсетілген міндеттемелерге, сондай-ақ қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган барлық банк операцияларын жүргізуге, микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиялардан айырған не микроқаржы ұйымдарының, коллекторлық агенттіктердің тізілімдерінен шығарылған, оның ішінде таратылған, таратылу сатысындағы екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалдарының, банк операцияларының жекелеген түрлерін, микроқаржылық қызметті жүзеге асырған ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің, сондай-ақ жеке тұлғалардың банктік қарыз шарттары, қарыз (кредит) шарттары және микрокредит беру туралы шарттары бойынша талап ету құқығы тиесілі өзге де ұйымдардың (бұдан әрі – кредиторлар) алдындағы міндеттемелер де жатады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. "Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшада жазылған.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік көрсетілетін қызмет сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) сәйкес енгізуді қамтамасыз етеді.

Осы Қағидаларға өзгерістер (және) немесе толықтырулар енгізу кезінде, көрсетілетін қызметті беруші тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде осындай өзгерістер және ( немесе) толықтырулар туралы ақпаратты "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамға (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация), "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, Бірыңғай байланыс орталығына жолдайды.

5. Борышкердің осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш (бұдан әрі – Өтініш) беруі үшін Заңның 5-бабына сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және Өтініш берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен

аспайтын мөлшерде Қағидалардың 2-тармағында айқындалған міндеттемелердің болуы және жиынтығында мынадай:

- 1) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы;
- 2) кредиторлар алдындағы міндеттемелері бойынша осындай Өтініш берілген күнге қатарынан он екі ай бойы өтеудің болмауы.

Республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептеледі.

Өтеудің болмау мерзімі әрбір банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша соңғы төлем күнінен бастап есептеледі.

Егер коллекторлық агенттік төлемнің болмауының өзге мерзімін растамаған жағдайларды қоспағанда, құқықты (талапты) басқаға беру шарты бойынша коллекторлық агенттікке берілген банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша өтеудің болмау мерзімі соңғы төлем күнінен бастап құқық ( талап ету) коллекторлық агенттікке берілгенге дейін есептеледі;

- 3) кредитор мен борышкерге "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі;

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген берешекті реттеуді және (немесе) өндіріп алуды жүргізу жөніндегі шараларды мерзімі өткен берешек туындаған кезден бастап 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімдерде жүргізу қажет.

Осы тармақшаның талаптары осы Қағидалардың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген міндеттемелерге, сондай-ақ 2025 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған банктік қарыз шартына және (немесе) микрокредит беру шартына қолданылмайды.

- 4) Өтініш берілген күнге дейін 7 (жеті) жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімнің қолданылмау шарттарына сәйкес келуі негіз болып табылады.

Егер көрсетілетін қызметті алушы Өтініш берілген күннің алдындағы 6 (алты) ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылса, осы тармақтың 2) тармақшасында белгіленген шарттарға қарамастан, ол Өтініш бере алады.

Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі Өтініш берілген күннен 5 (бес) жыл асса, осы тармақшада белгіленген шарттарға қарамастан, көрсетілетін қызметті алушы Өтініш бере алады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету тәртібі**

6. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру:

1) Мемлекеттік корпорация арқылы;

2) [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) және (немесе) арнаулы мобильдік қосымша (бұдан әрі – мобильдік қосымша) арқылы жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін Өтінішті береді.

Көрсетілетін қызметті алушының Өтінішті өңдеу, оның ішінде осы Қағидалардың 5-тармағында көзделген шарттарға сәйкестігін тексеру "Qoldau.kz" тіркеуші ақпараттық жүйесінде іске асырылған "Tazalau" ақпараттық сервисінде тіркеуші мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және кредиттік бюролардың деректерін салыстыру арқылы автоматты түрде жүзеге асырылады.

Көрсетілген қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Көрсетілетін қызметті алушы соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы Өтінішті Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушіден тиісті құжаттарды қабылдағаны туралы, мониторингтік ақпараттық жүйесімен иеленген штрих-кодымен қолхатты береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, Өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда), Өтініш беру күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттарды беру күні көрсетіледі.

Мемлекеттік корпорация қабылданған құжаттарды, курьерлік және (немесе) пошталық байланыс және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Мемлекеттік корпорация арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде Өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы Өтінішті портал және (немесе) мобильдік қосымша арқылы ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жолданады.

Көрсетілетін қызметті алушының соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы Өтінішті Мемлекеттік корпорация арқылы ұсынған кезде, Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, бас тарту туралы қолхат береді.

9. Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидалардың 5 және 7-тармағында көзделген мән-жайларға сәйкес келген және жұбайының (зайыбының) (ол болған жағдайда) келісімі болған кезде, көрсетілетін қызметті беруші Өтініш берілген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді порталда орналастырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі, осы тармақтың үшінші бөлігінде айқындалғанды қоспағанда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер порталда орналастырылған күннен бастап 6 (алты) айды құрайды.

жиынтық берешегі Өтініш берілген күні республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайтын және міндеттемелерді орындамау мерзімі бес жылдан асатын борышкерге қатысты соттан тыс банкроттық рәсім осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер порталға орналастырылған күннен бастап бір ай мерзімде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші өтініш берушіге мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ өтініш берушіге алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты, күні және орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жолданады . Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтер порталда орналастырады не осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту:

1) портал және (немесе) мобильдік қосымша арқылы және (немесе) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында;

2) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы қол қойған қағаз жеткізгіште береді.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес өзінің немесе оның өкілінің тиісті өкілеттігі көрсетілетін, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілі жеке басын куәландыратын құжаттарды немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты көрсеткен кезде (сәйкестендіру үшін) жүзеге асырылады.

Заңның 16-бабы 5-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушы соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тартуға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін, бірақ бас тартуды алған күннен кейін 3 (үш) ай өткен соң соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы Өтінішті қайта береді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Соттан тыс банкроттық рәсімі, Заңның 18-бабына сәйкес егер мұндай рәсімді жүргізу мерзімі ішінде:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Мемлекеттік корпорация, портал және (немесе) мобильді қосымша арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтініш берсе;

2) борышкердің меншігіне мүлік түсіп немесе өзінің қаржылық және (немесе) мүліктік жағдайы өзгеріп, бұл оның кредиторлар алдындағы міндеттемелерін толық немесе отыз пайыздан асырып орындауына мүмкіндік берсе;

3) мүлікті немесе мүліктік міндеттемелерді, мүлік, оның мөлшері, тұрған жері туралы мәліметтерді не мүлік туралы өзге де ақпаратты жасыру, мүлікті өзгенің иеленуіне беру, мүлікті иеліктен шығару немесе жою, сондай-ақ мүлік туралы мәліметтерді көрсететін құжаттарды жасыру, жою, бұрмалау фактілері анықталса;

4) көрсетілетін қызметті алушы қайтыс болса, соттың оны хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе оны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енсе ;

5) борышкердің Өтініш берген күні осы Заңның 5-бабында көрсетілген негіздерге сәйкес келмеу фактілері, оның ішінде кредитордың өтініші бойынша анықталса тоқтатылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 2), 3) және 5) тармақшасының талаптары осы Заңның 5-бабы 3-тармағының негізінде соттан тыс банкроттық рәсімін қолданған борышкерлерге қатысты болмаса тоқтатылады.

Көрсетілетін қызметті алушы Өтінішті қайтадан осы тармақтың 3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша рәсім тоқтатылған күннен кейін 6 (алты) айдан кешіктірмей беруге құқылы.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату ӘРПК-нің 79-бабының талаптарын сақтай отырып, көрсетілетін қызметті беруші осындай рәсімнің тоқтатылғаны туралы хабарландыруды порталда орналастыруы арқылы жүзеге асырылады.

12. Заңның 18-бабына сәйкес соттан тыс рәсімді тоқтату үшін негіздер болмаған кезде, уәкілетті орган осы Қағидалардың 9-тармағының екінші және үшінші бөлігінде белгіленген мерзім өткен соң осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соттан тыс банкроттық рәсмін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы шешім шығарады және порталда орналастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін көрсетілетін қызметті беруші:

мемлекеттік қызметті алушының портал және (немесе) мобильді қосымшадағы " жеке кабинетіне";

Мемлекеттік корпорацияға курьерлік, пошта байланысы және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткен күннен кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беру Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес өзінің немесе оның өкілінің тиісті өкілеттігі көрсетілетін, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілі жеке басын куәландыратын құжаттарды немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты көрсеткен кезде (сәйкестендіру үшін) жүзеге асырылады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

13. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға көрсетілген мерзімде жүгінбеген кезде:

Мемлекеттік корпорация мерзімінде талап етілмеген құжаттардың 1 (бір) ай ішінде сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді;

көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша талап етілмеген құжаттардың мерзімінде сақталуын қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

14. Мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе істен шыққан жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші техникалық ақаулар табылған сәттен бастап дереу бірыңғай қолдау қызметіне сұрау салу жолдау арқылы, мемлекеттік қызметтің атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының бизнес-сәйкестендіру нөмірі, өтініштің әкімшілік құжатының нөмірі мен коды немесе өтініштің бірегей сәйкестендіру нөмірі, әкімшілік құжаттың нөмірі мен коды немесе рұқсат беру құжатының бірегей сәйкестендіру нөмірі, өтініш берушінің жеке

сәйкестендіру нөмірі немесе авторизациялау сәтінен бастап қате туындаған сәтке дейін катенің нақты уақытын көрсете отырып, кадамдық скриншоттарды қоса бере отырып " электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторын ( операторды) хабардар етеді.

**3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым көрсетілетін қызметті берушіге және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға беріледі.

Көрсетілетін қызметті беруші шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамға шағым келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны әкімшілік істі және шағымды қарайтын органға жолдайды.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалған лауазымды адам, егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағымды жолдамайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңының 25-бабы 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

16. Егер Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

"Соттан тыс банкроттық  
рәсімін қолдану" мемлекеттік  
қызметін көрсету қағидаларына  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі		

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аудандар, қалалар және қалалардағы аудандар бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы қағаз жеткізгіште; 2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) және (немесе) арнаулы мобильді қосымша арқылы электрондық нысанда.
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	1) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді порталда орналастыруы не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тарту мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды; 2) көрсетілетін қызметті берушінің соттан тыс банкроттық рәсімін өткізу мерзімі борышкер туралы мәліметті порталда орналастырылған күннен бастап 6 (алты) айды құрайды. Жиынтық берешегі соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш берілген күні республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 1 600 еселенген мөлшерінен аспайтын және міндеттемелерін орындамау мерзімі бес жылдан асатын борышкерге қатысты соттан тыс банкроттық рәсімі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәліметтер порталда орналастырылған күннен бастап бір ай жүргізіледі.
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған)/қағаз жеткізгіште)
		1) көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушы туралы мәліметтерді порталда орналастыруы немесе

5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжделген бас тартуы;</p> <p>2) соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау шешім не соттан тыс банкроттықты тоқтату.</p>
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорациясының және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы Заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 08.30-ден 18.00-ға дейін;</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация – өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің дайын нәтижелерін беру Мемлекеттік корпорация арқылы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Меркелер туралы Заңға сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін жүзеге асырылады. Қабылдау "электрондық кезек" тәртібімен, жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асыралады, электрондық кезекті брондауға болады;</p> <p>3) портал және модильді қосымшада – жөндеу жұмыстарын</p>

		<p>жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Еңбек кодексіне және Мереке туралы Заңға сәйкес жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы:</p> <p>1) Мемлекеттік корпорацияның: <a href="http://www.gov4c.kz">www.gov4c.kz</a>;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> порталы интернет -ресурсында орналастырған.</p>
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	<p>Мемлекеттік корпорацияға: Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініші. Портал және (немесе) мобильді қосымшада: Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініші.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы; дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы; ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің бар/жоғы туралы; кредитор алдындағы міндеттемелер туралы; өтініш берілген күнге дейін жеті жыл ішінде соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылған/ қолданылмағаны туралы мәліметтерін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті ақпараттық жүйелерден алады.</p>
		<p>1) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті ұсынылған материалдар, объектілер, деректер мен ақпараттардың Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p>

9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер	2) көрсетілетін қызметті алушының не (немесе) жұбайының (зайыбының) (бар болған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген Өз-өзіне қызмет көрсетуді, өздігінен қозғалуды, бағдар жасауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе жартылай жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып, 1414 Біріңғай байланыс орталығы, 8 800 080 7777 арқылы (Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде) жүгіну арқылы жүргізеді. Көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңба болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы Бірыңғай байланыс-орталығының порталында "жеке кабинет" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы мемлекеттік ақпаратты алады.</p> <p>Цифрлық құжаттар сервисі мобильді қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторландырудан</p>

өтеді, одан әрі "Цифрлық құжаттар" бөліміне өтуі және қажетті құжатты таңдауы қажет.

"Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына  
2-қосымша  
нысан

## Соттан тыс банкроттық рәсімін тоқтату туралы өтініш

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке куәлікте көрсетілген болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) (телефон))

Осы арызбен менің 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ №\_\_ өтінішім бойынша бастамашылық жасалған соттан тыс банкроттық рәсімін мына себептерге (қажет болғанын белгілеңіз):

1. Соттан тыс банкроттық рәсімін өз еркімен жүргізуден бас тарту
2. Мүліктің меншігіме түсуіне немесе кредиторлар алдындағы өз міндеттемелерімді толық немесе 30 (отыз) пайыздан астам орындауға мүмкіндік беретін қаржылық және (немесе) мүліктік жағдайымның өзгеруіне байланысты тоқтатуыңызды сұраймын.

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке куәлікте көрсетілген болса))

\_\_\_\_\_

(колы, күні/электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректер, ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қаржы министрінің  
2023 жылғы 28 ақпандағы  
№ 218 бұйрығына  
2-қосымша  
нысан

## Борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы ӨТІНІШ

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

\_\_\_\_\_ (тегі  
, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - АЖТ) (егер ол жеке куәлікте көрсетілген болса) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ Жеке

сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН)) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тұрғылықты жері/тіркелген жері бойынша  
мекенжайы – облыс, аудан (қала), елді мекен (село және тағы басқа), көше (даңғыл,  
тұйық көше), үй, пәтер)

Жолдасының ЖСНі: \_\_\_\_\_

Мен:

"Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген соттан тыс тәртіппен азаматты банкрот деп тану туралы өтініш беру шарттарына сәйкес келетінімді растаймын, атап айтқанда:

1) менің міндеттемелерім республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтініш берілген күнге қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен аспайды;

2) ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығымда мүлік жоқ;

3) өтініш берілген күнге қатарынан 12 (он екі) ай бойы өтеу болмаған;

4) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" және "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және (немесе) өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілді.

Қосымша мәліметтер:

1) соңғы 6 (алты) ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушымын;

2) міндеттемелерді орындамау мерзімі 5 (бес) жылдан асты.

Мен:

мәліметтер "электрондық үкімет" порталында орналастырылған күннен бастап мынадай салдар басталғаны:

1) мәліметтері кредиттік бюросының деректер базасында көрсетілген, Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген кредитор алдындағы борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өткен болып есептелгені;

2) мәліметтері кредиттік бюросының деректер базасында көрсетілген, Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген кредиторлардан міндеттемелерді орындауды талап етуге тыйым салынатыны;

3) мәліметтері кредиттік бюросының деректер базасында көрсетілген, Заңның 1-бабының 11) тармақшасында көрсетілген кредиторлар алдындағы барлық қарыз түрлері бойынша тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдар, айыппұлдар) және сыйақының есептелуі тоқтатылатыны;

4) жаңа ақшалай немесе мүліктік міндеттемелерді қабылдауға тыйым салынатыны;

5) уәкілетті органның мемлекеттік органдар мен өзге де органдардан және ұйымдардан борышкердің соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану алдындағы үш жылға дейінгі кезеңдегі жалпы ортақ мүлкін қоса алғанда, мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептелетіні;

6) банктік шоттарынан кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру есебіне ақша өндіріп алуға жол берілмейтіні;

7) соттардың борышты өндіріп алу туралы шешімдерін орындау тоқтатыла тұратыны;

8) маған соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға дейін және соттан тыс банкроттық рәсімі барысында менің қаржылық жағдайымның 3 (үш) жыл бойы мониторингтелетіні туралы хабардар етілді.

Салдарлар туралы білемін:

1) 5 (бес) жыл ішінде қарыз берілмейді;

2) мені банкрот деп танығаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде маған қатысты қаржылық жай-күйге мониторинг жүргізіледі.

Мен осы өтініште ұсынылған мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауаптымын.

Мобильді азаматтар базасында (МАБ) көрсетілген телефон нөміріне sms-хабарлама арқылы менің өтінішім бойынша қабылданған шешім туралы хабарламаға келісім беремін.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жұбайының (зайыбының) келісімін алу үшін Мобильді азаматтар базасында көрсетілген телефон нөміріне жұбайыма (зайыбыма) sms-хабарлама жіберуге келісім беремін.

"Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану" мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде жеке деректерімді және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді жинауға және өңдеуге, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге келісемін.

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру мерзімі мемлекеттік қызметті көрсету кезеңінде жарамды.

Жеке деректерді трансшекаралық тасымалдаудың жоқтығы, сондай-ақ жалпыға қолжетімді көздерде дербес деректердің таратылмауы туралы хабарлаймыз.

Жиналған деректер тізімі: АЖТ (ол болған жағдайда), ЖСН, банк деректемелері, электрондық поштасы, телефон нөмірі, құқық және (немесе) мәміле құзыретті органда, оның ішінде шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес шет мемлекетте мемлекеттік немесе өзге де тіркелуге жататын мүлік, жалпы ортақ мүлкін қоса алғанда, банктік шоттардағы, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлердегі шетелдік

банктердегі ақша, қолма-қол ақша, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарт бойынша тұрғын ғимараттағы үлес, заңды тұлғаның, оның ішінде Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары (орындалуы базалық активті сатып алу немесе өткізу жолымен жүргізілетін туынды қаржы құралдарын қоспағанда), инвестициялық алтын, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері, шарт немесе міндеттеменің немесе талаптың туындауына негіз болып табылатын, нотариат куәландырған (растаған) өзге де құжат болған кезде басқа тұлғалардың борышкер алдындағы берешегі (дебиторлық берешек), ветеринариялық паспорты немесе меншік құқығын растайтын өзге де құжаты болған кезде жануарлар, асыл тастар мен бағалы металдар, олардан жасалған зергерлік бұйымдар және құрамында асыл тастар мен бағалы металдар бар басқа да заттар, сондай-ақ өнер және антиквариат туындылары, тері бұйымдары, басқа да бағалы киім, цифрлық активтер.

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

---

(қолы, күні/электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) деректер, ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты)

өтініш беру күні	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кірістер органдарының коды	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

---


(арызды қабылдаған лауазымды адамның қолы, күні/тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) ЭЦҚ-дан деректер, ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты)

өтінішті қабылдау күні	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>
құжаттың кіріс нөмірі	<input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/> <input type="checkbox"/>

Бұл құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес қағаз жеткізгіштегі құжатпен тең.

Сіз электрондық құжаттың түпнұсқалығын [tazalau.qoldau.kz](http://tazalau.qoldau.kz), сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсының веб-қосымшасынан тексере аласыз.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары - Қаржы министрінің  
2023 жылғы 28 ақпандағы  
№ 218 бұйрығына



## Соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тарту туралы ХАБАРЛАМА

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сіздің 20\_\_ " \_\_ " \_\_\_\_\_ №\_\_ өтінішіңізге, Сізге қатысты соттан тыс банкроттық рәсімін қолдануға мынадай себептер бойынша: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бас тартылғаны туралы хабарлаймыз.

Борышкер "Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 5-тармағына сәйкес соттан тыс банкроттық рәсімін қолданудан бас тартуға себеп болған негіздерді жойғаннан кейін, бірақ бас тартуды алған күннен кейін 3 (үш) ай өткен соң соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы өтінішті қайтадан беруге құқылы.

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызметтер туралы" Заңының 4-бабының 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, қызмет алушылар мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша қызмет көрсетушінің және/немесе оның лауазымды тұлғаларының шешімдері мен әрекеттерін (әрекетсіздігін) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келесі мекемеге немесе тұлғаға шағымдану құқығына ие:

\_\_\_\_\_ (мемлекеттік кірістер органы атауы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдарды қарауға өкілетті лауазымды тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (егер ол жеке куәлікте көрсетілген болса))


\_\_\_\_\_ немесе сотқа, шешім қабылданған немесе әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде шағымдануға болады.

\_\_\_\_\_ тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке куәлікте көрсетілген болса), көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының лауазымы)

---

(қолы, күні/ электрондық цифрлық қолтаңба  
(бұдан әрі – ЭЦҚ), ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты)

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары-Қаржы министрінің  
2023 жылғы 28 ақпандағы  
№ 218 бұйрығына  
4-қосымша  
нысан



## **Соттан тыс банкроттық рәсімін аяқтау және борышкерді банкрот деп тану туралы ШЕШІМ**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 22.04.2026 № 269 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Мемлекеттік кірістер комитетінің \_\_\_\_\_  
бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің \_\_\_\_\_  
Мемлекеттік кірістер басқармасы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)

қатысты соттан тыс банкроттық рәсімінің аяқталғаны туралы және азаматты банкрот деп тану туралы хабарлайды.

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке куәлікте көрсетілген болса), көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының лауазымы)

\_\_\_\_\_ (қолы, күні/электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ), ЭЦҚ-мен қол қойылған күні және уақыты)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК